

## Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын дене шынықтыру және спорт үйымдары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 6 наурыздағы N 06-2-2/40 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 1 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1806. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2010 жылғы 15 наурыздағы № 01-01-07/43 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2010.03.15 № 01-01-07/43 Бұйрығымен.**

"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 Р020041\_ қаулысын орындау мақсатында

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік қызметші болып табылмайтын дене шынықтыру және спорт үйымдары қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесі бекітілсін.

2. Спорт басқармасы (Ю.П.Гуськов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен мезеттен бастап енгізіледі және 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған жайларға байланысты қолданылады.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары Е. Қанағатовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігімен

Қазақстан Республикасының  
Туризм және спорт жөніндегі  
агенттігінің

2002 жылғы 18 наурызда

келісілген

2002 жылғы 8 наурыздағы

N 06-2-2/40 бұйрығымен

бекітілген

Дене шынықтыру және спорт жөніндегі ұйымдарының  
мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін  
мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеудің  
**ЕРЕЖЕСІ**

1. Осы ереже дене шынықтыру және спорт жөніндегі ұйымдардың мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеудің тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Мамандықтары бойынша дене шынықтыру және спорт мекемелерінің басшы қызметкерлері (басшылар, орынбасарлар, бөлім бастықтары, бас, жетекші мамандар, мемлекеттік және аға жаттықтырушылар, командалардың бастықтары, штаттағы ұлттық командалар дирекциясының нұсқаушы-спортшылары, барлық тұрпаттағы спорт мектептерінің директорлары, олимпиадалық даярлау мен олимпиада резерві орталықтары ның басшылары, олардың орынбасарлары, спортта дарынды балаларға арналған мектептердің, спорт коллеждерінің, дене дайындығы бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтарының нұсқаушы-әдіскерлері, оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелік қызметімен тікелей шүғылданатын дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылар) жұмыс өтіліне Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы барлық жұмыс уақыты қосылады, сондай-ақ:

1) сол мамандығы бойынша мемлекеттік қызметте болуы;

2) міндетті әскери қызмет етуі, сондай-ақ интернационалдық борышын орындауы, соның ішінде тиісті құжаты бар болған жағдайда, әскери қызметшілердің тұтқында болуы, жағымсыз дәлелдермен қызметтен босатылғандардан басқа офицерлер құрамындағы тұлғалардың, прaporщиктердің, мичмандардың, жедел қысқа мерзімді әскери қызметшілердің қарулы күштерде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының ішкі, шекара әскерлерінде, азаматтық қорғаныс басқару органдары мен бөлімдерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызмет етуі;

3) жағымсыз дәлелдер бойынша босатылғандардан басқа, басшы құрамдағы тұлғалардың ішкі істер органдары жүйесіндегі, прокуратура органдарындағы

қызметі, Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының сот апараттарындағы, Қазақстан Республикасының тергеу комитетіндегі жұмысы;

4) Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының сот, прокуратура, ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарындағы және Қазақстан Республикасының бұрынғы тергеу комитетіндегі қызмет өткерген жылдарына үстемеақы алуға құқық беретін

лауазымдық жұмысы;

5) заңнамаға сәйкес жүкті болғанда және босанғанда, сондай-ақ баланы күтүге берілген жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстары;

6) егер шет елге жіберердің алдында қызметкер мемлекеттік мекемеде жұмыс істесе, онда оның шет елдегі жұмысы және жолдағы уақытты есептемегендеге, шет елден қайтып келгеннен кейін екі ай ішінде мемлекеттік мекемеге тұрған жұмысы;

7) мемлекеттік мекемелердің жолдамасы бойынша жұмыстан қол үзіп мамандарды даярлау мен қайта даярлау курстарында оқуы;

8) оның қызмет салаларына қарамастан, еңбек еткен жылдарындағы ұқсас мамандықтары бойынша лауазымдық жұмысы қосылады.

3. Барлық тұрпаттағы спорт мектептерінің жаттықтырушы-оқытушылары үшін мамандығы бойынша жұмыс өтіліне Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік, кәсіподак және ведомстволық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі, олимпиадалық даярлау орталықтарындағы жаттықтырушы-оқытушы ретіндегі барлық жұмыс уақыты қосылады, сондай-ақ:

1) заңнамаға сәйкес жүкті болғанда және босанғанда берілген, сондай-ақ баланы күтүге арналған жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстары;

2) егер қызметкер курсқа түскенге дейін жаттықтырушы-оқытушы болып қызмет етсе және оны бітіргеннен кейін осы жұмысқа қайтып келсе, онда жолдамамен жұмыстан қол үзіп даярлау, қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру курсында оқуы;

3) спорт-сауықтыру лагерьлерінде, спорттық базаларда, дене шынықтыру және спорт клубтарында, ЕСҚ және Қазақстан Республикасының және КСР Одағының ведомстволарында, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша, шет елдерде келісім шарт негізінде жаттықтырушы-оқытушы ретінде мемлекеттік спорт ұйымдарындағы әкімшілік қызметіне ұқсас лауазымдық жұмысы;

4) тұлғалардың міндетті қызмет етуге шақырғанға дейін жаттықтырушы болып істеген жұмысы және осы жұмысқа дейін міндетті әскери қызмет етуі;

5) мемлекеттік, бас, аға жаттықтырушы, Қазақстан Республикасының Штаттағы ұлттық командалар дирекциясындағы команда бастығы және

спортшы-нұсқаушы ретіндегі жұмыс уақыты кіреді.

4. Спорттық-техникалық мектептердің басшыларына, мамандарына және қызметшілеріне, жаттықтырушыларына, нұсқаушы-әдіскерлеріне мамандығы бойынша жұмыс өтіліне жұмыс өтілі осы мектепте өтетін техникалық мамандықтар бойынша есептеледі.

5. Осы ережеге сәйкес мамандығы бойынша есептеле тін жұмыс өтіліне құнтізбелік есептеу ескеріледі.

6. Құнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысын көтеру қажет болған қызметкерлерге жұмыс өтілін ескере отырып, осындай құқық туындаған күннен бастап лауазымдық жалақысы есептеледі.

7. Тиісті ұйым басшысы бекіткен құрамдағы еңбек өтілін белгілеу

жөніндегі ұйымның комиссиясы мамандығы бойынша жұмыс өтілін және ұқсас мамандықтарды анықтайды.

8. Мамандығы бойынша жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді. Шешімнің үзінді көшірмесі екі данада жасалады және бір данасы кадрлар қызметіне, екіншісі есеп-қисап бөліміне жіберіледі.

9. Еңбек кітапшасы (бар болса) немесе жеке еңбек шарты, болмаса жұмысқа қабылдау мен босату туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі мамандығы бойынша жұмыс өтілі анықтау үшін қажетті негізгі құжаттар болып табылады.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Балабекова Г.Г.